

Қазақстан Республикасында сот билігінің Конституциялық құқықтық негізі

Б.Т. Ауешова

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті Қазақстан, Ақтау қ.

Аннотация. Бұл мақалада автор Қазақстандағы сот жүйесінің қазіргі таңдағы конституциялық-құқықтық тұрғыдан қарастырған.

Қазақстан Республикасында Конституция – құқықтық саясаттың басты көзі [1].

Осыған байланысты оның негізін барынша толық пайдалануымыз керек. Құқықтық саясатты жүзеге асыру үшін заңдылықтарды одан әрі жетілдіруге бағытталған нормативті-құқықтық актілерді қабылдау жетілдіру қажет деп түсінеміз. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың тиімділік деңгейі құқықтық саясаттың, құқықтық нормалардың мазмұнын қоғам мүшелері де, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары да қандай дәрежеде түсініп, жүзеге асыруына тікелей байланысты деп айтуға болады [2].

Қазіргі күнгі Қазақстанда, бүгінгі мемлекеттік құқықтық құрылыс барысында көптеген мәселелердің бар екендігін байқаймыз. Елдің Ата заңы Конституцияда бекітілген демократиялық және құқықтық құндылықтарды өзінің толық іске асыруынан әлдеқайда алыста екенін көруге болады. Мысалы, кейбір шетелдік сарапшылардың пікірінше Қазақстанда соттың тәуелсіздігі мен сот жүйесін тиімді қалыптастыруға арналған арнайы заңдар қабылданған.

Конституциядағы сот билігі институты аясында (75-бап) мынадай [1]:

«1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. 2. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады...» деген ережелер мазмұны бар. Қылмыстық іс жүргізу заңы бұл ережелерді қылмыстық іс жүргізу нысанында жүзеге асырылатын сот билігі институтының мазмұнын анықтайтын, өзінің нормаларына қосқан. Атап айтқанда, ҚДЖК (57-бап 1-бөлім): «Сот, сот билігі органы бола отырып, қылмыстық істер бойынша

әділ сотты жүзеге асырады», – деп көрсетілген.

Тәуелсіз мемлекет құруының бастапқы кезеңінде сот жүйесінің заңнамасын негізінен КСРО Конституциясы, сот құрылымы, судьялардың мәртебесі туралы заңдар құрады. Осы заңдар бойынша сот төрелігін жалпы юрисдикция соттары мен төрелік соттар атқарды. Кадрларды іріктеу және соттардың жұмысын материалдық-қамтамасыз ету, сот төрелігін жүзеге асыру, сот қаулыларын орындау жөніндегі көмекші қызметтер, статистиканы қалыптастыру және басқа да мәселелер Әділет органдарына жүктелді.

Сондай-ақ, осы Заңда алғаш рет заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөліну принциптері мақұлданған болатын. Содан кейін, осы заңды негізге ала отырып, 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі еліміздің тәуелсіздігін нығайтуда және жаңа мемлекеттік органдарды құруда үлкен маңызға ие болған, тәуелсіз еліміздің алғашқы Конституциясын қабылдады.

Конституцияға енгізілген маңызды өзгерістердің бірі – сот жүйесін әлемдегі озық үлгілерге лайықты жетілдіру болатын [3].

Заман талабына сай соттарды сапалы кадрлармен қамтамасыз ету кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Аталмыш өзгерістерге сәйкес Әділет біліктілік алқасы таратылып, оның міндеті Жоғары Сот Кеңесіне берілді. Конституциялық өзгерістерге дейінгі жылдары аудандық және оған теңестірілген соттардың судьяларын тағайындау жөнінде Әділет біліктілік алқасының кепілдемесінің негізінде Әділет министрі, ал облыстық соттардың судьяларын тағайындау жөнінде ұсынысты Жоғары Сот Кеңесі жасап келген болса, ендігі жерде барлық деңгейдегі соттардың судьяларын тағайындауға ұсынысты

Жоғары Сот Кеңесі жасап келеді. Бұл барлық деңгейдегі судьялардың бірдей мәртебеге ие болуына және сот жүйесін сапалы да білікті кадрлармен қамтамасыз етуге өз септігін тигізді.

Тәуелсіздік жылдарында сот жүйесінің қалыптасуына мемлекеттік бағдарламалар негізінде енгізілген, құқықтық саясат тұжырымдамалары өз ролін атқарады.

Қазіргі таңда еліміздің Сот билігіне толықтай сипат беру үшін, әрбір заңгер маман Конституция баптарына жүгінетіні сөзсіз. Себебі, ата Заңымыздың қағидаларында Сот билігі біртұтас биліктің бір тармағы ретінде танылып, мемлекеттік билік органдарының өзара тепеңдік принципі негізінде жұмыс атқаруының тұғырына айналды. Еліміздің Сот билігінің мазмұнын ашуда аталмыш қағида шешуші әрі орталық орын алады [4].

Біріншіден, сот билігі – мемлекетіміздің басқа билік салаларынан, атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарынан атқаратын өкілеттіктері бойынша да дараланып тұр, демек, өз қызметінде тәуелсіз әрі тек заңдарды ғана басшылыққа алады.

Екіншіден, сот билігінің басты мақсаты – еліміздің заңдарына сай әділ шешімдер қабылдау болғандықтан, азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғауда шешуші рөлге ие.

Қазіргі таңда сот билігін тәуелсіз билік саласы ретінде жетілдіру жолдары тікелей сот жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге алып келетіндігі анық.

Жалпы алғанда, Қазақстанның сот жүйесін дамытуды мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

1-кезең. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясының қабылдануы. Ол сот билігінің ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі қағидаларын бекітіп берді. Заң бойынша Конституциялық сот, Жоғарғы Сот, Жоғары төрелік сот пен төменгі сатыдағы соттар сот төрелігі органдарына жатқызылды. Қандай да болмасын өзге органның немесе лауазымды тұлғаның сот билігі функцияларын өзіне алуға құқылы еместігі, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленетіндігі, нақтылы істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру мәселелері жөнінде судьялардың есеп бермейтіндігі, судьяларға ешкімнің тиіспеуі және тағы басқа мәселелер атап көрсетілді. Сондықтан да 1993 жылғы Конституция құқықтық жүйенің

қалыптасуына және қоғамда демократиялық үрдістердің дамуына маңызды ықпал етті.

Конституцияның негізгі қағидасын жүзеге асыру мақсатында 1994 жылғы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның басты ұстанымы сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді қайта құруға, материалдық және іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге негізделді.

Сот ісін жүргізудің маңызы ретінде, сотты дәлелдемелерді жинау міндетінен босату, сот қызметінен айыптаушылық белгілерін алып тастау, соттарды бір жүйеге біріктіре отырып, барынша мамандандыру көзделді. Жоғарғы Сот бірыңғай сот жүйесіндегі жоғары сот сатысы деп танылды [5].

2-кезең. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің қажетті кепілдіктерінің болуын қарастырды. Төрелік соттар жүйесі таратылып, олардың функциялары жалпы юрисдикция соттарына берілді.

Ал Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық заң күші бар Жарлығы соттар қызметінің негізгі қағидаларын, соның ішінде судьялардың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін айқындап берді. Бұл Жарлық еліміздегі сот жүйесін реформалау мәселесіндегі көп жылғы пікірталастың қорытындысы іспеттес болды.

Онда: судьяны құрметтемегені үшін жауапкершілік енгізу, судьяларға ешкімнің тиіспеуі, судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұрудың және тоқтатудың негіздерін орнықтыру, судьяның тәртіптік жауапкершілікке тартылу жағдайларынан басқа кезде мәні бойынша қаралған немесе өндірісінде тұрған істер бойынша қандай да бір түсініктеме беруге міндетті еместігі, судьяға соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге тыйым салу қарастырылды. Жергілікті сот судьяларын ел Президентінің тағайындауы, Жоғарғы Соттың судьяларын Парламент Сенатының сайлауы енгізілді. Тарихта алғаш рет судьялар тұрақты мерзімге тағайындалды, бұл олардың тәуелсіздігінің кепілдігін анағұрлым күшейтті.

3-кезең. 2002 жылы сот жүйесін жетілдіруге мақсатталған мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада

сот жүйесін жетілдірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың бағыттары айқындалды.

Сот жүйесі жалпы елдің ішінде, әділдіктің, ақиқаттың қорғаушысы, жаршысы ретінде қабылданады. Мемлекеттік деңгейде ол бұзылған құқықты қалпына келтірудің, кінәлілерге әділ жаза белгілеудің кепілі, үшінші мемлекеттік биліктік тармағы. Бүгінгі күнде сот жүйесін реформалау мәселесі де күн тәртібінде екені баршамызға аян [6].

Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық (кәмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесі қарастырылды.

Аталған тұжырымдамаға сәйкес, Президенттің Жарлықтарымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар құрылды. Бұл бағыт жалпы алғанда, соттарды мамандандыру азаматтардың құқықтарын қорғау шегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

2006 жылғы 16 қаңтарда “Алқабилер туралы” және “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заңдар қабылданып, аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуы қарастырылды.

4-кезең. 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер енгізудің нәтижесінде Қазақстанның сот жүйесі азаматтардың құқықтарын қорғаудың қуатты тетігіне, соның ішінде қамауға алуға соттың санкция беру құқығына ие болды. Сот жүйесінің жұмысын және сот төрелігін іске асыруды реттейтін жаңа заңдар топтамасы қабылданды.

“Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізіліп, қамауға алуды санкциялауды соттың ерекше құзырына беру қарастырылды.

“Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 2009 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, өлім жазасын қолдану аясы қысқартылып, ол тек адамдардың қаза болуына ұштасқан террорлық қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса

ауыр қылмыстар үшін қолданылатын болып шектелді.

“Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Конституциялық заңға 2008 жылғы 17 қарашада өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, 2009 жылғы 10 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң қабылданып, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесі іске қосылды. Сонымен заңға сәйкес, аудандық сот – бірінші сатыдағы сот, облыстық сот – апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот, Жоғарғы Сот – тек қадағалау сатысының соты ретінде жұмыс істей бастады.

Қорыта айтқанда, Құқықтық саясат тұжырымдамасының 2020 жылға дейінгі кезеңге арналып белгіленген қағидастарын жүзеге асыру – елімізде сот жүйесін одан әрі дамыту деңгейін жаңа сатыға көтеруге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сенімді қорғалуына кепілдік береді [7].

Республика Конституциясы сот-құқықтық реформаны жүзеге асыруда да үлкен нәтижеге жетуге ықпалын тигізді. Конституция ең алдымен сот билігін жүзеге асырудың нысандарын бекітті. Қазіргі кезде Республикамызда сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен көзделген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылды.

Елбасының: «Сот – құқықтық реформа – сот жүйесінің тиімділігіне байланысты түбегейлі проблемаларды шешуді көздейді, бұл мемлекеттің әрі қоғамның басты назарында болуы керек», – деп көрсеткеніндей, сот жүйесінің жаңа түрін қалыптастыру, соттарға құқықтық мемлекетке тән өкілеттіктерді толық көлемде беру басты мәселелердің біріне айналып отыр. Әр уақыттың заңына қарап, сол кездің құқықтық жағдайын және заман келбетін қиындықсыз аңғаруға болады, осыдан «Заң дәуірдің айнасы», «Заманына қарай заңы» деген нақыл сөздер қалыптасқан.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, Жеті жарғы, 2005. – 44 б.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы ақпан айындағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» 18.02.2005. // Егемен Қазақстан, 2005.-19 ақпан.
3. Шаухаров Қ. Сот жүйесін жетілдіре бермек // Егемен Қазақстан. – 2011. – 5 наурыз.
4. Еркін Әбіл. Сот беделі – ел мәртебесі // 16.02.2011. Егемен Қазақстан. – 2011. – 16 ақпан.
5. Мами К. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. – 352 с.
6. Байжан К. Сот әділдіктің айнасы болуы тиіс // 09.01.2010. Егемен Қазақстан. – 2010. – 9 қаңтар.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған «Құқықтық саясат тұжырымдамасы» // Егемен Қазақстан. – 2010. – 23 ақпан.

Б.Т. Ауешова

В данной статье рассматриваются конституционно-правовые аспекты судебной системы в Казахстане на современном этапе.

B.T. Auyeshova

This article describes the constitutional and legal aspects of the judicial system in Kazakhstan at present.